

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 28 қазандағы № 33-2 "Жылъой ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Атырау облысы Жылъой ауданы мәслихатының 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 36-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 ақпанда 3456 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылъой аудандық мәслихатының 2024 жылғы 21 маусымдағы № 19-4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылъой аудандық мәслихатының 21.06.2024 № 19-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 28 қазандағы № 33-2 "Жылъой ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3352 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 желтоқсанда "Кең Жылой" газетінде жарияланған) шешіммен бекітілген қосымшасына келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 3 тармағындағы орыс тіліндегі мәтінінде "услуг" сөзінен кейін "и услуг связи" сөздерімен толықтырылсын;

2) 5 тармақтың орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылып, мемлекеттік тілдегі мәтіні жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"5. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жылъой ауданында тұракты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қутіп-ұстаяға жұмсалатын шығыстарды;

2) тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге беріледі".

2. Шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. Сұлтанов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың XXXVI  
сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Қонарбай*

*M. Кенғанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК